

SATBAYEV UNIVERSITY

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК
ИНЖЕНЕРИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖӘНЕ
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

« 25 » мамыр 2020 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Мобильді бұрғылау қондырғысының ұңғымасында қысымның төмендеуі кезінде ЛҚЖ жабдығының жұмысын жетілдіру»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Сепбосынов Әлішер Талғатұлы

Ғылыми жетекші

лектор: Басқанбаева Динара Жұмабайқызы

Алматы 2020

Satbayev University

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл канд.,

ассоц. профессор

К.К. Елемесов

« 28 » қаңтар 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Сепбосынов Әлішер Талғатұлы*

Тақырыбы *Мобильді бұрғылау қондырғысының ұңғымасында қысымның төмендеуі кезінде ЛҚЖ жабдығының жұмысын жетілдіру*

Университет басшысының "27" қаңтар 2020 ж. № 762-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «01» маусым 2020ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Мобильді бұрғылау қондырғысының ұңғымасында қысымның төмендеуі кезінде ЛҚЖ жабдығының жұмысын жетілдіру

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: ЛҚЖ жабдығының конструкциясын талдау, пайдалану және негізгі параметрлерін қарастыру.

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді; патенттік ізденістер жүргізілді.

в) Экономикалық бөлімі: ЛҚЖ жабдығының өзгертілетін бөлігінің экономикалық тиімділігі қарастырылды.

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (9 парақ сызбалар көрсетілген)

1.Сыртқы тығыздама; 2.Ішкі тығыздама; 3.Превентор корпусы; 4.Құрастыру сызбасы. 5.Жаңартуға дейінгі плашка; 6.Жаңартудан кейінгі плашка. 7.Плашканың жаңартуына дейінгі превентордың үстіңгі көрінісі. 8.Плашканың жаңартуынан кейінгі превентордың үстіңгі көрінісі. 9.Превентор көрінісі.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 6 атау, интернет желісі 4.

АНДАТПА

Қарастырылып отырған жобамызда лақтыруға қарсы жабдықтың (ЛҚЖ) жалпы сипаттамасының бағалануы, сонымен қатар оның монтаждалуы мен пайдаланылуының негізгі көрінісі келтірілген. Қазіргі таңда қолданыс тауып жатқан плашкалы превенторлар сипатталған. Превенторлардың айнымас бөлшектерін талдай отырып, техникалық ерекшеліктері қарастырылды. Дайындалған жобаның негізгі бағыты плашкалы превентордың жұмыс қабілеттілігін оңтайландыру және жұмыс бөлшектерін жетілдіру болып табылады.

Бұл жобада превентордың беріктігіне байланысты есептер қарастырылды. Плашкалы превентордың технологиялылығы сипатталды. Таңдап алынған превентор түрін пайдалану кезіндегі қауіпсіздігі мен экологияға ешқандай зардабы тимейтіндігі көрсетілген. Көрсетілген жабдық экономикалық тұрғыда тиімді болатыны дәлелденген. Берілген дипломдық жоба 11 парақ графикалық бөлімінен, 29 парақ түсіндірме жазбасынан тұрады. Жобамен орындау барысында 7 әдебиет деректері, сонымен қатар 4 интернет жiлісінің парақшалары пайдаланылды.

АННОТАЦИЯ

В рассматриваемом проекте приведена оценка общей характеристики противовыбросового оборудования (ПВО), а также основные характеристики его монтажа и эксплуатации. Показаны виды плашечных превенторов, которые используются в данное время. Рассмотрены технические характеристики основных деталей превенторов. Основным направлением разработанного проекта является оптимизация работоспособности плашечного превентора и усовершенствование рабочих деталей.

В этом проекте были рассмотрены задачи, связанные с прочностью превентора. Привидина характеристика технологичности плашечного превентора. Показано, что при использовании выбранного вида превентора, никаких проблемы с безопасностью не будет и не будет влиять на экологию. Доказано, что указанное оборудование экономически выгодно. Настоящий дипломный проект содержит 11 листов графической части, 29 листов пояснительной записки. При работе над проектом использована информация 7 литературных источников и 4 интернет сайты.

ANNOTATION

In this project, an assessment is given of the general characteristics of blowout control equipment (air defense equipment), as well as the main characteristics of its installation and operation.

Shown are the types of die preventers that are currently in use. The technical characteristics of the main parts of the preventers are considered. The main focus of the developed project is to optimize the performance of the ram preventer and improve the working parts.

In this project, tasks related to the strength of the preventer were considered. Pravidin is a characteristic of the manufacturability of a spot preventer. It is shown that when using the selected type of preventer, there will be no safety problems and will not affect the environment. It is proved that the specified equipment is economically viable. This thesis project contains 11 sheets of graphic parts, 29 sheets of explanatory note. When working on a project, information from 7 references was used and 4 website was used.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
1. Техникалық бөлім	7
1.1 Лақтыруға қарсы жабдықтың конструкциясын талдау	7
1.2 Лақтыруға қарсы жабдықтардың жалғану түрлері	9
1.3 ЛҚЖ жабдықтарын пайдалану шарттары және олардың негізгі параметрлерін талдау	11
1.4 ЛҚЖ жабдық түрін таңдау	12
2. Есептеу бөлімі	14
2.1 Корпус қабырғасын және келте құбырлар қабырғасын есептеу	14
2.2 Фланец элементтерін есептеу	15
2.3 Гидроцилиндрдің тудыратын күшін есептеу	17
2.4 Плашкалы превенторды жаңарту бойынша есептері	18
3. Арнайы бөлім	22
3.1 Перевенторды жетілдіру	22
3.2 Плашкалы превенторларды монтаждау және пайдалану шаралары	25
3.3 Превентордың жүйелері мен тораптарын жөндеу	27
3.4 Превенторларға техникалық қызмет көрсету	28
3.5 Плашкалы превенторды ашуға және жабуға тексеру	28
4. Жобаның экономикалық тиімділігі	30
5. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	31
5.1 Шу мен дірілден қорғау	31
5.2 Электр қауіпсіздігі	32
5.3 Өрт қауіпсіздігі	33
Қорытынды	35
Пайдаланылған әдебиеттер	36

КІРІСПЕ

Лақтыруға қарсы жабдықтар (ЛҚЖ) ашық фонтандануды болдырмау және қоршаған ортаны ластанудан қорғау мақсатында көрінетін ұңғыманы басқаруға арналған кешен болып табылады. Кешеннің негізгі міндеті-ұңғымадағы бұрғылау ерітіндісін сақтау және оны алмастыру бойынша операциялар жүргізу (ұңғымаларды жабу) болып табылады.

Лақтыруға қарсы жабдықтар кешені мынадай жұмыстарды жүргізуді қамтамасыз етеді: қысымсыз және қысым туындаған кезде плашкалардың ашылуын және жабылуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ұңғымаларды герметизациялау, құлыптарды бұркуді, бұрғылау құбырларын көтеріп-түсіру операцияларына тіректі көмек жасауын, плашкаларға құбыр бағаналарын ілуді және лақтыру кезінде ұңғымада құбыр бағаналарын плашкалармен ұстап тұруды қамтамыз етеді, забойға әсер ететін бұрғылау ерітіндісінің реттелген қысымын қамтамасыз етуін қадағалауға мүмкіндік береді және жабдықтың гидрожетекті құрамдас бөліктерін жедел басқаруға мүмкіндік береді.

Бұрғылау тереңдігінің өсуімен превенторлардың жұмыс қысымы да айтарлықтай артады. Бұрғылаудың өспелі талаптарына жауап беретін лақтыруға қарсы жабдықтардың жаңа конструкциялары үнемі әзірленіп, өндіріске дайындалуда. Жинақталған тәжірибе, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, сондай-ақ мұнай машина жасауда және ғылым мен техниканың аралас салаларындағы жаңа жетістіктер негізінде лақтыруға қарсы жабдықтар үздіксіз жетілдіріледі: оның ұзақ мерзімділігі мен сенімділігі артады, салмағы төмендейді, металл сыйымдылығы мен оны дайындауға, пайдалануға және жөндеуге еңбек шығындары қысқарады. Бұл барлау және пайдалану ұңғымаларын бұрғылаудың отандық және шетелдік тәжірибесінде пайдаланылатын превенторлардың модельдері мен модификацияларының және превенторлық қондырғыларды жинақтаудың кең номенклатурасына себепші болады.

Қазіргі уақытта бұрғылау кезінде авариялардың көбейуіне байланысты, сонымен қатар оларды аз да болса да қысқарту үшін газ генераторы негізінде лақтыруға қарсы жабдықтық автоматты қосалқы жетегін превенторлары ұсынылған болатын. Ашық атқылаудың 75 жағдайы бойынша статистика көрсеткендей, ашық атқылаудың 38% - ы барлау бұрғылау кезінде, 20% - ы пайдалану бұрғылау кезінде және 25% - ы ұңғымаларды күрделі жөндеу кезінде болатыны көрсетілген болатын. Осындай жағдайлардың көбейуіне байланысты ұңғыма сағасына лақтыруға қарсы жабдық орнатылды. Келтірілген статистикадан көрініп тұрғандай, ЛҚЖ ашық фонтандауы жағдайларының 83%-да немесе жұмыс істеп үлгермеген немесе ашық фонтандауды болдырмау үшін жеткіліксіз тиімді жұмыс істеген.

Осы курстық жобаның мақсаты превенторды пайдалану кезінде сенімділігі мен тиімділігін арттыру, сыйымдылығын азайтуға және оған қызмет көрсетудің ыңғайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін конструкцияда жаңа шешімдерді қолдану болып табылады.

Превентордың корпусы плашкаларды 18 орналастыру үшін көлденең өтпелі қуыспен жабдықталған. Сыртынан қуыс 1 және 6 бүйір қақпақтармен жабылады, олар 5 болттармен корпусқа бекітіледі. Корпустың бір-бірімен түйіскен кезде араларындағы арықтары болат төсеніштері 4 арқылы герметизацияланады. Сонымен қатар корпусы қайырмалы топсаменде жалғанады. Превентордың корпусына плашкалардың жабысып қалуын болдырмау үшін, қысқы уақытта бу беру үшін 15 түтікшелер салынады. Қақпақтардың бүйір жағында шпилька арқылы превенторларды жабу және ашу үшін екі жақты әрекет ететін 7 гидроцилиндрлер бекітіледі. Гидроцилиндр жасайтын күш Превентордың жұмыс қысымына тең болуы керек, яғни ұңғыма сағасындағы қысым кезінде превенторды жабу үшін жеткілікті болуы тиіс.

Поршеньдердің 8 штоктары Г – образды шығынықтары плашканың түзетуімен жалғанған. Сұйықтық жұмыс қысыммен коллектордан 3 түтікшелермен 19 сыртқы гидроцилиндрге бағытталады, сол кезде поршеньдер қарама – қарсы бағытта жылжиды және плашкалар превентордың өту тесігін жабады. Поршеньдер және оның штоктары, сонымен қатар қозғалмайтын бөлшектері резиналы тығыздағышпен тығыздалады 9, 13, 14 [1].


Превенторды гидравликалық басқару бір жақты механикалық бекітумен қатар жүреді. Бұл жүйе гидравликалық жетек өшіп қалған жағдайда ғана іске асырылады және оқпанды ұзақ уақытқа жабу кезінде жүргізіледі. Механикалық бекіту 10 шлицті білікшеден және поршеньмен байланысқан шлицті қосылысы бар 12 аралық бұрандалы төлкеден тұрады. Білікше 10 шанышқы тәрізді қардан 11 арқылы және тартым ұңғыма сағасынан қауіпсіз қашықтыққа шығарылған штурвалмен жалғанады. Білікше сағат тілі бойынша айналғанда 12 бұрандалы төлке тік сызықты қозғалысқа келтіріледі және превентордың плашкалары тұйықталғанға дейін поршеньді жылжытады. Бұранда кері айналуы кезінде поршеньдер қозғалмай бір орында тұрып қалады, ал бұрандалы төлкелер поршеньдермен шлицті қосылудың арқасында бастапқы қалпына қайтарылады. Бұрандалы төлкелерді бастапқы жағдайға ауыстырғаннан кейін превенторды гидравликалық басқару жүйесі арқылы ашуға болады. Плашкалы превентор негізгі 2 түрі қолданылады. Соның бірі бұрғылау құбыры типтес, екіншісі бітеу плашкалары. Қажет болған жағдайда құбырларды кесу үшін арнайы плашкалар қолданылады.

Плашкалар 16 резина тығыздағышынан және болттар мен бұрандалармен байланысқан 17 қосымша вкладыштан тұрады. Арматураланған металл пластиналар тығыздағышқа қажетті беріктікті береді және құбырлар бағанасын тарқату кезінде резеңкені қысуға қарсы әрекет етеді. Тығыздағыштың жұмысы Превентордың жабылу циклдарының санымен және гидроцилиндр мен ұңғымадағы қысымы 10 МПа артық емес болғанда 0,5 м/сағ жылдамдықпен жабық превентор арқылы ашылатын құбырлардың қосынды ұзындығымен өлшенеді. Нормаларға сәйкес, тығыздағыштың істен шығуына дейінгі орташа жұмыс қысымы жоқ превентордың кемінде 300 жабынын құрауы және жабық превентор арқылы 300 м артық құбырларды тасу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

1.2 Лақтыруға қарсы жабдықтардың жалғану түрлері

Лақтыруға қарсы жабдыққа қойылатын стандарт ГОСТ 13862-90 болып табылады. Бұл стандарт көбіне жаңадан жасалынған немесе қолданыстағы ЛҚЖ жабдықтарының күйлерін жаңарту, жаңа нормалық талаптарға сай, сонымен қатар техникалық күй параметрін жаңарту мақсатында жүргізіледі. Стандарт арнайы техникалық сұлбаларды, ЛҚЖ жабдықтарды және оның құрамдас бөлшектерінің басты параметрлерін көрсетеді және олардың бір-бірімен тығыз байланыста екенін негіздейді. Бірақ бұл стандарт арнайы ЛҚЖ жабдықтарына, ұңғыма қысымы жоғары болған кезінде қолданылатын жабдықтар түріне, сонымен қатар теңіз астында бұрғылау кезіндегі іс – шараларда қолданылмайды.

ЛҚЖ-ларға қойылатын стандартта негізгі (ГОСТ 13862-90) 10 типтік сұлба ескеріледі. Бірақ 2003 жылы бұл стандартқа арнайы өзгерістер жасалынды және қазіргі таңда превентор блогының 6 типтік сұлбасы қолданылады.



1-кескіш превентор; 2-кескіш қосарлы превентор; 3-сақиналық превентор;
4 – сағалық крестовина; 5-ұңғыма сағасы


Ескерту - 1-3 сұлбаларда өзара бұрандалармен немесе катушкамен қосылатын превенторлар келтірілген

1.2 – сурет. ГОСТ 13862-90 бойынша превентор блогының 1, 2, 3 типтік сұлбалары

Бұрғылау кезінде жүретін шарттарының бірі ЛҚЖ-дың дроссельмен қосылатын желілерінің өтуінің шартты диаметрін және сөндіру желілерінің шартты диаметрін 50 мм-ге дейін азайтуға, дроссельдеу желілерінің өтуінің шартты диаметрін 100 мм-ге дейін ұлғайтуға жол беріледі. Сонымен қатар қысымы 16, 25, 32, 40 МПа болатын гидрожетекті қолдануға рұқсат етіледі.

Көрсетілген превентор блоктарының типтік сұлбалары арнайы талаптары бойынша жүргізіледі. Бұл талаптар төменде 1.1 кестеде көрсетілген.

Стандарт блоктық принципі бойынша, атап айтқанда превенторлық блоктың үлгілік схемасын манифольдтың үлгілік схемасымен біріктіру жолымен түзілген ЛҚЖ жабдықтарының үлгілік схемаларының белгілерін белгілейді. ЛҚЖ жабдықтарының типтік схемасы гидрожетектің негізгі параметрлері мен қолдану шарттарына байланысты станция блогымен толықтырылады.



1- кескіш превентор; 2-кескіш қосарлы превентор; 3-сақиналық превентор;
4 – сағалық крестовина; 5-ұңғыма сағасы

1.3 – сурет. ГОСТ 13862-90 бойынша превентор блогының 4, 5, 6 типтік сұлбалары

1.1 Кесте – Превенторлық блоктардың үлгілік схемалары

Сұлба номері №	Превентор саны		Сағалық айкастырмалар саны	Сұлбаның белгіленуі	
	Плашкалы	Сақиналы		Сандық	Әріптік-сандық
1	1	0	1	101	П-1
2	2	0	1	201	2П-1
3	1	1	1	111	ПК-1
4	2	1	1	1 ₂ 11*	ПдК-1
5	2	1	2	212	2ПК-2
6	3	1	2	(1+1 ₂)*12	ППдК-2

Превенторлық блоктардың үлгілік схемалары (1, 2-суреттер) оған кіретін превенторлардың, сағалық крестовиналардың типіне және блоктағы олардың санына байланысты блоктық принципі бойынша ұқсас белгіленеді. 1-кестеде схемалардың алты түрінің сандық белгілері (1, 2-суреттер) және превенторлық блоктың типтік схемаларының әріптік сандық белгілері келтірілген. Осы стандарт превенторлардың сағалық крестовиналармен өзге үйлесімдерін қолдануға жол береді. Бұл жағдайда схемаларды белгілеу Стандартта белгіленген қағидатқа сәйкес келуі тиіс.

1.3 ЛҚЖ жабдықтарын пайдалану шарттары және олардың негізгі параметрлерін талдау

Қиыр солтүстік өңірлерде бұрғылау кезінде табиғи факторлар әсер етеді, яғни плашкалы превенторды қолдану кезінде климаттық факторлар қолайсыз әсер етеді. Мысалы төмен температуралар, тәуліктік және осы температураның

жылдық ауытқулары мен ылғалдылығы жатқызсақ болады. Қыс айларында плашкалық превентордың істен шығу жағдайлары көптеп кездеседі және негізгі себептерінің бірі қозғалмалы болат бөлшектерінің суықтан сынуы болып саналады.

Болаттың төмен температуралы сынғыштығы немесе салқын сынғыштығы металдардың химиялық құрамы мен құрылымына байланысты. Никельмен, ниобиймен, марганецпен, хроммен легирленген болаттар төмен температуралы сынғыштыққа бейім, себебі телімдер ұсақ түйіршікті құрылымдардың пайда болуына ықпал етеді. Сонымен, кескіш плашкалы превентордың бөлшектерін жасау кезінде қолданылатын болаттың негізгі маркалары 35Л, 35ХГС, 40ХЛ және т. б. болып табылады.

Превенторды қоршаған ауаның төмен температурасы жағдайында пайдалану кезінде дайындаушылардың ұсынымдарына сәйкес оның жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асыру қажет (төмен температура кезінде ағымдылық және икемділік, превентор корпусын жылыту сияқты қажетті қасиеттерді сақтайтын сипаттамалары бар майлау мен тығыздағыш элементтердің материалдарын қолдану). Превенторлар теріс температура жағдайында пайдалану кезінде резеңке тығыздаулардың ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ететін бу қыздыруға орнатылған арналармен жеткізілуі мүмкін.


Сонымен қатар плашкалы превентордың басқада параметрі ретінде өту тесігінің диаметрін ескеруіміз қажет. Превенторлардың диаметрі мен қосылу өлшемдері бұрғылау қашауларының және шегендеу құбырларының, сондай-ақ бағаналы бастиектердің диаметрлерімен қарастырылады. Превенторлардың үлгілік өлшемдерін бұрғыланатын жердің қысымы мен ЛҚЖ жабдығының өту тесігі арқылы таңдайды, сонымен қатар таңдалған жабдық арқылы қашау және бұрғылау құбырлары ұңғыманы әрі қарай тереңдету үшін өтуі керек.

Превентордың өту тесігінің үлкен диапазоны (180 – 680 мм) мен жұмыс қысымы (14 – 105 МПа) құрыстыру сұлбасын диаметрі 127 – 560 мм болатын айналма бағанын жақсылап бекіту үшін және тереңдігінің өзгермеуін сақтап қалуына мүмкіндік береді. Превентордың шифрінде мынадай белгілер қабылданады: ПП – плашкалы превентор; ПВ – айналмалы превентор; ПУ – әмбебап превентор; Г – плашкаларды гидравликалық басқару; Р – плашкаларды қолмен басқару; бірінші сан – шартты өту диаметрі; екінші сан – жұмыс қысымы; К1 – CO₂ – 6% – ға дейін бар орта үшін; К2-CO₂-6% - ға дейін бар орта үшін; К3-құрамында H₂s және CO₂-25% - ға дейін бар орта үшін.

1.4 ЛҚЖ жабдық түрін таңдау

Лақтыруға қарсы жабдық мұнай мен газды бұрғылау және игеру кезінде үлкен рөл атқарады. Сол себепті таңдау барысында көптеген техникалық параметрлеріне мән беруіміз керек, сонымен қатар ондағы әсер етуші табиғи климаттық факторларының әсер етуінеде мән беруіміз керек.

Осындай қағидаларды ұстана отырып ППГ-230×35 жабдығын таңдаймын. Бұл жабдықтың техникалық сипаттамасы 1.2 кестеде келтірілген. Ендігі гидравликалық жетегі бар плашкалы превентордың конструкциясына келіп тоқталсақ: сыртқы корпуста, хромдалған жылжымалы ішкі корпусынан және ішкі корпусқа орнатылған плашкадан тұрады.



1.4 – сурет. Таңдалып алынған ППГ-230×35 жабдығының сұлбасы

1.2 Кесте - ППГ-230×35 жабдығының техникалық сипаттамасы

1. Техникалық деректер	Сандық белгілер
Өту тесігінің шартты мәні, мм:	230
Жұмыс қысымы, МПа:	35
Гидравликалық басқару жүйесінің номиналды қысымы, МПа:	14
Превентордың корпусының бөлшектерінің сынама қысымы, МПа:	70
Камералардың толық көлемі, дм:	
жабылуы	4,8
ашылуы	4,8
Поршеннің толық жүрісі, мм:	101
2. Плашканың тығыздама құбырының диаметрі:	26,4 тен 139,7 ге дейін
3. Басқару түрлері	Гидравликалық, механикалық немесе қолмен қайталанатын
4. ГОСТ 28919-91 бойынша жалғанатын фланецтің мөлшері	180x35
5. Басқа нұсқауламаларға қатысты, үлкен емес, кг:	

Корпустың ішінде қысым тудырған кезде теңестіруші клапан іске асып, превентор плашкаларын орнынан жылжытып ашылады. Корпус ішіндегі плашканың айналуы дөңес гайканың көмегімен жүреді, осы кезде корпусы бөлек қозғалып кетпесі үшін штифт арқылы бекітіледі. Плашканың орын ауыстыруы

пневможетектің күшімен жүзеге асырылады, ал толық жабу және ашу үшін шпиндель – гайка бұрандалы буымен плашканың қайтарымды – үдемелі қозғалысына түрлендірілетін маховик орнатылған. Жабу кезінде маховикті сағат тілі бойынша, ал ашу үшін сағат тіліне қарсы бұралады. Сонымен қатар шпиндель екі тірек подшипниктерде орнатылған.

Плашка корпусын нығыздау кезінде арнайы резеңке манжетпен жүргізіледі, ал штоқты нығыздау кезінде арнайы фторопласт манжеттерімен нығыздалады. Плашкалардың орналасуы шпиндель бұрандасы бойымен қозғалатын көрсеткіш планка арқылы жүзеге асады.

Мойынтіректерді майлау үшін арнайы майтесік арқылы жүзеге асырылады. Ал корпуста айдау клапаны орнатылған, осы клапан арқылы «Арматол-60» деген майды шпиндельді майлау үшін және нығыздағыштардың герметизациялылығын арттыру үшін жасалады. Корпусты орын ауыстыру үшін строптарға арналған 2 арнайы М12 бұрандасы бар ілмектер орналасқан [2].

2 Есептеу бөлімі

ЛҚЖ жабдығын есептеу барысында плашкалы првентор корпусын, фланецті, гидроцилиндрді және модернизацияланатын гидроцилиндр штогын, првентор плашкасын есептеулері кіреді.

Фланецті қосылыс есептеулері мынадай элементтерді қамтиды:

- тығыздағыш элементтің созылу шамасын-сопақ сақинаны анықтау;
- бұрандалардың саны мен мөлшерін анықтау;
- фланецтердің өлшемдерін анықтау (Бақылау) ;
- шекті жүктемелерді анықтау.

Фланецті қосылыстарды есептеудің бірнеше жолы бар, бірақ олардың ешқайсысы тәжірибелік сынақтарға сәйкес келетін нақты деректерді бере алмайды. Оның негізгі себептерінің бірі фланецті қосылыс конструкцияға, материалға және пайдалану шарттарына байланысты күрделі бірқатар жүктемелерге ұшырайды [6].

Есептеулерді орындау үшін келесі формуланы пайдаланыңыз:

$$S = \frac{P \cdot D_{\text{внутр.}}}{2,3 \cdot \varphi_{np} \cdot [\sigma]_p - P} + C \quad (2.1)$$

Мұндағы $[\sigma_p]$ – рұқсат етілген созылу кернеуі:

$$[\sigma_p] = 0,25 \cdot \sigma_B.$$

20Х болат үшін:

$$[\sigma_p] = 0,25 \cdot 700 = 175 \text{ Мпа}.$$

Плашкалы првентордың корпусының ішкі диаметрі:

$$D_{\text{ішкі}} = 230 \text{ мм}.$$

Плашкалы првентордың корпусының сыртқы диаметрі:

$$D_{\text{сыртқы}} = 320 \text{ мм}.$$

2.1 Корпус қабырғасын және келте құбырлар қабырғасын есептеу

Корпус қабырғасының негізгі параметрлерін есептеу:

$$P_{\text{жұмыс}} = 37 \text{ Мпа} ,$$

$$S_{\text{КОР}} = \frac{37 \cdot 230}{2,3 \cdot 0,7 \cdot 175 - 37} = 34,5 \text{ мм} ,$$

$$P_{\text{пр}} = 41 \text{ Мпа} ,$$

$$S_{КОР} = \frac{37 \cdot 230}{2,3 \cdot 0,7 \cdot 175 - 41} = 39 \text{ мм.}$$

Корпустың сыртқы диаметрі:

$$D_{НОМ.КОР} = D_{В.О.} + 2(S_0 + c), \quad (2.2)$$

$$D_{НОМ} = 230 + 80 = 310 \text{ мм ,}$$

Мұндағы $c = 1 \text{ мм}$ – ге тең (коррозияға байланысты).

Әрі қарай келте құбырының қабырғасының негізгі параметрлерін есептейміз:

$$P_{ЖҰМЫС} = 37 \text{ Мпа ,}$$

$$S_n = \frac{37 \cdot 191}{2,3 \cdot 0,7 \cdot 175 - 37} = 28,8 \text{ мм ,}$$

$$P_{ЖҰМЫС} = 41 \text{ Мпа ,}$$

$$S_n = \frac{41 \cdot 191}{2,3 \cdot 0,7 \cdot 175 - 41} = 32,5 \text{ мм.}$$

Келте құбырының сыртқы диаметрі:

$$D_{НОМ.КОР} = D_{В.Н.} + 2(S_n + c),$$

$$D_{НОМ.КОР} = 191 + 65 = 256 \text{ мм.}$$

Алдағы уақытта тиісті қор үшін шарт ретінде ара қатынасты тексеру:

$$\frac{R}{r} \leq 1,8$$

Корпусқа қойылған талап:

$$\frac{R_{КОР}}{r_{КОР}} = \frac{155}{115} = 1,35 \leq 1,8.$$

Келте қабырғасына қойылған талап:

$$\frac{R_{КОР}}{r_{КОР}} = \frac{128}{85,2} = 1,5 \leq 1,8.$$

Яғни, қойылған талаптар бойынша рұқсат етіледі.

2.2 Фланец элементтерін есептеу

Біздің нұсқада бұрандалы фланец конструкциясы жеңіл және оңтайлы болып саналады. Бұл конструкция жоғары қысымдар мен жоғары температура

қолданылады. Қазіргі уақытта жүктеме астында беріктікті есептеу әдісі табысты қолданылады және ол фланецті қосылыстардың беріктігін анықтаудың күрделі міндеттерін шешуді айтарлықтай жеңілдетеді және неғұрлым қарапайым және түсінікті қағидаларға негізделеді.

Жүктеменің шекті мәні:

$$Q_{\text{пред}} = 1,7 \cdot \varphi_c \cdot k_c \cdot h^2 \cdot \sigma_m, \quad (2.3)$$

мұндағы k_c - бұрандалы тесіктердің фланецтің беріктігіне әсері.

$$k_c = 1 + \frac{1}{x_c},$$

$$\varphi_c = 1 - \frac{2 \cdot d}{D_k - D_c}, \quad (2.4)$$

$$k_c \approx 1 + \frac{D_m}{D_6} \left(\frac{D_n - D_m}{D_6 - D_m} - 1 \right), \quad (2.5)$$

$$D_c = D_m = 22,5 \text{ см},$$

$$D_6 = 31,7 \text{ см},$$

$$D_n = 38 \text{ см},$$

$$k_c = 1 + 0,71 \cdot \left(\frac{15,5}{9,2} - 1 \right) = 1,485,$$

$$\varphi_c = 1 - \frac{2 \cdot 3,2}{38 - 22,5} = 0,58,$$

Мұндағы, $h = 7$ см – фланец қалыңдығы.

$$Q_{\text{пред}} = 1,7 \cdot 0,587 \cdot 1,485 \cdot 7^2 \cdot 5000 = 363060,9 \text{ кг} \cdot \text{с},$$

Фланецке рұқсат етілген жүктеме:

$$[Q]_{\phi} = \frac{Q_{\text{пред}}}{n_{\phi}}.$$

Құйма конструкция мен қысым есептеу:

$$P > 100 \text{ кг} \cdot \frac{\text{с}}{\text{см}^2},$$


$$n_{\phi} = 2,0,$$

$$[Q]_{\phi} = \frac{363061}{2} = 185530 \text{ кг} \cdot \text{с},$$

Осылайша, есептелген превентор параметрлері ЛҚЖ-ның жұмыс қабілеттілігінің жақсы екенін көрсетеді.

2.3 Гидроцилиндрдің тудыратын күшін есептеу

Превентордың гидроцилиндрінің диаметріне байланысты беріктігі есептелінеді.



F-штоктың көлденең қимасының ауданы; d-штоктың диаметрі; l-штоктың ұзындығы;
D-гидроцилиндр диаметрі

2.1 – сурет. Превентор гидроцилиндрінің есептік схемасы

Гидроцилиндрдің диаметрі превентор жабық тұрған кезінде қысымның әсеріне байланысты анықталады. Гидроцилиндр конструктивтік сұлбасы 2.1 – суретте келтірілген.

Гидроцилиндрдің тудыратын күштік әсерін есептеу:

$$P_{\text{цилиндр}} = P_c \cdot \frac{\pi \cdot d_{\text{ш}}^2}{4}, \quad (2.6)$$

$$P_{\text{цилиндр}} = 35 \cdot 10^6 \cdot \frac{3,14 \cdot 0,056^2}{4} = 86,162 \text{ кН.}$$

Үйкеліс күшін жеңу үшін әсер етуші күш Q:

$$Q = P_A \cdot \pi \cdot d_{\phi} \cdot h_i \cdot f, \quad (2.7)$$

$$Q = 10 \cdot 10^6 \cdot 3,14 \cdot 0,056 \cdot 7 \cdot 10^{-4} \cdot 0,05 = 66 \text{ Н.}$$

Осыны ескере отырып гидроцилиндрдің толық күшін есептейміз:

$$P_T = P_6 + Q, \quad (2.8)$$


$$P_T = 274800 + 66 = 274866 \text{ Н.}$$

Гидроцилиндр поршенінің диаметрі:

$$F = \frac{P_{\text{бас}}}{P_T} = \frac{274866}{10 \cdot 10^6} = 2,7 \cdot 10^{-2} \text{ м}^2.$$

2.4 Плашкалы превенторды жаңарту бойынша есептері

Плашкалы превентордың кірістірмелері бекінісінің бағытына байланысты белгілі бір жүктемелерді алады, басқаша айтқанда, бір жағдайларда сыртқы иілу әсер етсе, ал басқа бір жағдайларда тартылған кабельдің салмағынан ішкі иілу әсерін алады. Иілу моменті әсер етуі кезіндегі гайканың ұстап қалу кернеуін есептейміз және әсер етуші жүктеме пластина бетіне бірқалыпты таралады. Плашкаларды есептеу схемасы 2.2 – суретте көрсетілген.



а-плитаның биіктігі; S-плитаның қалыңдығы
2.2 – сурет. Плашкалардың есептелінуі

Плашкалардың майысу кернеуін есептесек σ , МПа:

$$\sigma = \beta \cdot \frac{P \cdot a^2}{S^2} = 0,1383 \cdot \frac{35 \cdot 10^6 \cdot 0,1^2}{0,022^2} = 100 \text{ МПа}, \quad (2.9)$$

Мұндағы, а – плашка биіктігі, S – плитаның қалыңдығы.

Беріктік шарты бойынша көміртекті болаттың майысу кернеуі $[\sigma] = 160$ МПа аспауы тиіс. Біздің есептелген есебіміз бойынша $\sigma < [\sigma]$ шартын ұстана отырып $\sigma = 100$ МПа ие болды, яғни бұл деп отырғанымыз превентор плашкаларына қойылған талаптарына сай және жеткілікті майысу кернеуіне ие.

Сонымен қатар превентордың плашкаларына модернизацияны жасап қана қоймай, ондағы гидроцилиндр штогының айналу моментін анықтай отырып, механикалық біліктің айналу моментін өзгерте отырып, превентордың ұңғыманы тығыз және берік бекітуіне мүмкіндік береді. Гидроцилиндрдің айналу моментінің есебі поршеньдерінің тығыздауыштарының үйкеліс моменттерінің қосындысымен есептеледі:

$$M = M_{Y1} + M_{Y2} + M_{Y3}. \quad (2.10)$$

Тығыздама үйкелісінің моменті:

$$M_y = T_y L_y, \quad (2.11)$$

Мұндағы, L_y – тығыздама моментінің шартты иіні, тығыздама штогының жартысы ретінде ескеріледі, мм;

T_y – тығыздама бөлшегінің үйкеліс күші, H .

$$T_y = \Psi d_B s p_p,$$

мұндағы, s – тығыздама элементтің сақинасының элементі, мм; d_B – тығыздама элементінің ішкі диаметрі, мм; p_p – жұмыс қысымы, Па; Ψ – h/s қатынасын тәуелділік коэффициенті; h – тығыздағыш элементінің биіктігі, мм, $h = 10$ мм.

$$s = \frac{d_H - d_B}{2}, \quad (2.14)$$

мұндағы, d_B – тығыздама элементтің ішкі диаметрі, мм; d_H – тығыздама элементтің сыртқы диаметрі, мм; p_p – атмосфералық қысымы.

Белгілі бастапқы мәліметтер:

1. Гидроцилиндірдің ішкі штогының тығыздамасының мәні:
 $d_B = 86$ мм, $d_h = 90$ мм, $h = 10$ мм, $p_p = 101300$ Па.
2. Гидроцилиндр поршенінің тығыздамасының мәні:
 $d_B = 184$ мм, $d_h = 200$ мм, $h = 10$ мм, $p_p = 101300$ Па.
3. Гидроцилиндр штогының сыртқы тығыздамаларының мәні:
 $d_B = 30$ мм, $d_h = 56$ мм, $h = 10$ мм, $p_p = 101300$ Па.

$$s_1 = \frac{9,0-8,6}{2} = 0,4 \text{ см}, \quad s_2 = \frac{20,0-18,4}{2} = 0,8 \text{ см}, \quad s_3 = \frac{5,6-3,0}{2} = 0,8 \text{ см},$$

$$\Psi_1 = \frac{10}{4} = 2,5, \quad \Psi_2 = \frac{10}{8} = 1,25, \quad \Psi_3 = \frac{10}{8} = 1,25;$$

$$L_{y1} = \frac{86}{2} = 43 \text{ мм} = 4,5 \text{ см}, \quad T_{y1} = 2,5 \cdot 9 \cdot 0,4 = 90H,$$

$$L_{y2} = \frac{200}{2} = 100 \text{ мм} = 10 \text{ см}, \quad T_{y2} = 1,25 \cdot 20 \cdot 0,8 = 20H,$$

$$L_{y3} = \frac{56}{2} = 28 \text{ мм} = 2,8 \text{ см}; \quad T_{y3} = 1,25 \cdot 5,6 \cdot 0,8 = 5,6H;$$

$$M_{y1} = 0,043 \cdot 90 = 3,87 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

$$M_{y2} = 0,1 \cdot 20 = 2 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

$$M_{y3} = 0,028 \cdot 56 = 1,568 \text{ Н} \cdot \text{м}.$$


Гидроцилиндр штогы айналу жұмысын жасаған кезде осындай мәндерге ие боламыз:

$$M = 3,87 + 2 + 0,1568 = 6,0268 \text{ Н} \cdot \text{м},$$

Келесі есебіміз бір адам механикалық бұрандаманы бұраған кезіндегі жұмсайтын күшті анықтау болып саналады:

$$M' = F_{\text{жұмыс}} \cdot l \cdot z, \quad (2.15)$$

мұндағы, $F_{\text{жұмыс}}$ – бір адамның жұмсаған күші, $F_{\text{жұмыс}} = 200\text{H}$, l – саптың ұзындығы, $l = 0,4\text{ м}$, z – саптардың саны.



1-гидроцилиндр; 2-поршень; 3-сап

2.3 – сурет. Механикалық бұрандаманың бұралу көрінісі

Жалпы механикалық бұрандаманы қолмен бұраған кезде $M < M'$ заңдылығы әрдайым орындалады, сол себепті:

$$M' = 200 \cdot 0,4 \cdot 1 = 80\text{H} \cdot \text{м}.$$

2.3 – суретте көрсетілгендей механикалық бұранда айналғанда алты жерден байланысқан ұштық бірге айналады және ол жерде майысу кернеуі пайда болады. Айналдыру кернеуін есептеу үшін келесі формуламен есептейміз:

$$\tau_k = \frac{W}{W_k}, \quad (2.16)$$

Мұндағы, W_k – айналымға кері бағытта туатын момент, M – айналу моменті.

$$W_k = 0,188 a^3, \quad (2.17)$$

Мұндағы, a – алты ұштықтың саны, $a = 41\text{ мм}$;

$$W_k = 0,188 \cdot 0,041^3 = 0,000012957\text{ м}^3,$$

$$\tau_k = \frac{25,85}{0,000012957} = 1995060,5\text{ Па} = 2\text{МПа}.$$

Майысу кернеуін есептейміз:

$$\sigma_{\text{см}} = \frac{3M}{a^2 h}, \quad (2.18)$$

Мұндағы, h – штокпен механикалық бұранданың байланысуына дейінгі биіктік, $h = 30$ мм.

$$\sigma_{\text{см}} = \frac{3 \cdot 25,85}{0,041^2 \cdot 0,03} = 1537775,134 \text{ Па} = 1,5 \text{ МПа.}$$

Плашкалы превентордың гидроцилиндрі 40ХН (ГОСТ 4543-71) болатына дайындалады. Егер гидроцилиндрінің ұштықтарының майысуы 1,5 МПа тең болса, ондағы гидроцилиндрдің майысуы анықталады:

$$[\sigma_{\text{см}}] = 1,5 \cdot [\sigma_{\Gamma}] = 1,5 \cdot 195 = 292,5 \text{ МПа.}$$

Толық майысу кернеуін анықтап болғаннан кейін, детальдің жасалған материалының беріктік қорын анықтаймыз:

$$n = \frac{[\sigma_{\text{см}}]}{\sigma_{\text{см}}} = \frac{292,5}{1,5} = 195.$$

Алынған мәнді, берілген материалдың беріктік қорының мәні ретінде қарастырылады.

3 Арнайы бөлім

3.1 Превенторды жетілдіру

ЛҚЖ жабдықтарын таңдау барысында плашкалы превентордың көптеген ақаулықтары зерттелді. Мысал ретінде көптеп кездесетін ақаулардың бірі ұңғыманы бұрғылау барысында бұрғыланған баған цементтеледі. Баған цементтеліп жатқанда ЛҚЖ жабдықтарына цемент ерітінділері өзінің әсерін береді. Соның ең үлкен әсері плашкалы превентордың плашкалары қатып, бұғатталып жатқан жағдайлар көптеп кездеседі.

Бұндай жұмыстың күрделі болуының негізгі бір себебі, плашканың ашылып жабылуын қамтамасыз ететін гидроцилиндрдің көмегімен іске асады. Баған цементтеліп жатқанда цемент ерітіндісінің аздаған бір бөлігі осы бір гидроцилиндр бөлігіне өтіп кетіп, қатып қалып жатады. ЛҚЖ жабдығына цементтік ерітіндінің кіріп, қатып қалған көрінісі 3.1 – суретте көрсетілген.



3.1 – сурет. Істен шыққан плашкалы превентордың көрінісі

Қатып қалған плашканы және ондағы гидроцилиндр, сонымен қатар гидроцилиндр штогын тазалау немесе капиталды жөндеу барысында сынып жатады. Сынған бөлшектерді техникалық күтім жасау екі тәуліктік мерзімді алады, ал жаңасын сатып алып, орнату өте қымбат тұрады. Осындай жағдайларының көптеп кездесуінің кесірі мұнай және газ саласының бұрғылау жұмыстарының тиімсіздігіне алып келеді.

Плашкалы превенторды жаңарту барысында алып келінген ақау мысалдарын ескере отырып көптеген дайын жабдық патенттерін интернет желісінен қарастырылды. Осындай издестіру жұмысын жүргізу барысында бір-біріне ұқсас төрт негізді превентор патентіне келіп тоқталдым. Әр патенттің өзіндік ерекшелігі ескеріле отырып осы дипломдық жоба жасалынды. Таңдап алынған патент үлгілері төменде 3.1 кестеде көрсетілген.


3.1 Кесте – Плашкалы превенторды жаңарту мақсатында таңдап алынған патент үлгілері

